**Қазақстан Республикасы Парламентінің 10 жылдығын мерекелеуді дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 маусымдағы N 589 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Парламентінің 10 жылдығын мерекелеуді дайындау және өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан Республикасы Парламентінің 10 жылдығын (бұдан әрі - Парламенттің 10 жылдығы) мерекелеуді дайындау және өткізу жөніндегі комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Парламенттің 10 жылдығын мерекелеу іс-шараларының жоспары бекітілсін.

3. 2005 жылы іс-шараларды қаржыландыру 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделетін қаражат шегінде тиісті бюджеттік бағдарламалар және кіші бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 маусымдағы N 589 қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасы Парламентінің 10 жылдығын мерекелеуді дайындау және өткізу жөніндегі комиссияның құрамы**

Мұхамеджанов Орал Байғонысұлы - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің Төрағасы (келісім бойынша), төраға

Бәйгелді Өмірбек - Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Төрағасының орынбасары (келісім бойынша), төрағаның орынбасары

Дьяченко Сергей Александрович - Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Төрағасының орынбасары (келісім бойынша), төрағаның орынбасары

Әйтімова - Қазақстан Республикасының
Бірғаным Сарықызы Білім және ғылым министрі
Балиева - Қазақстан Республикасының
Зағипа Яхияқызы Әділет министрі
Дунаев - Қазақстан Республикасының
Арман Ғалиасқарұлы Қаржы министрі
Келімбетов - Қазақстан Республикасының
Қайрат Нематұлы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі
Қосыбаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет,
Есетжан Мұратұлы ақпарат және спорт министрі
Сәйденов - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Әнуар Ғалимоллаұлы Төрағасы (келісім бойынша)
Жалыбин - Қазақстан Республикасының Парламенті
Сергей Михайлович Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)
Сұлтанов - Қазақстан Республикасының Парламенті
Қуаныш Сұлтанұлы Сенатының депутаты (келісім бойынша)
Әбдірайымов - Қазақстан Республикасы Президентінің
Бақытжан Жарылқасымұлы Қазақстан Республикасының Парламентіндегі өкілдігінің басшысы (келісім бойынша)
Алпысбеков - Қазақстан Республикасы Премьер-
Қуаныш Махмұтұлы Министрінің Кеңсесі Басшысының орынбасары - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіндегі өкілі
Жақыпов - Қазақстан Республикасы Премьер-
Қабиболла Қабенұлы Министрінің Кеңсесі Басшысының орынбасары - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатындағы өкілі
Рахымжанов - Қазақстан Республикасы Парламентінің
Нұрлан Төлеуғазыұлы Мәжілісі Аппаратының басшысы (келісім бойынша)
Өтембаев - Қазақстан Республикасы Парламентінің
Ержан Әбілхайырұлы Сенаты Аппаратының басшысы (келісім бойынша)

Тоғаев - Қазақстан Республикасының Парламенті
Әділ Құдайбергенұлы Шаруашылық басқармасының бастығы
(келісім бойынша)

Шөкеев - Астана қаласының әкімі
Өмірзақ Естайұлы

Шәкіров - Қазақстан Республикасының
Асқар Оразалыұлы Сыртқы істер министрінің
орынбасары

Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.24. N 868 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 13 маусымдағы
N 589 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Парламентінің 10 жылдығын мерекелеу іс-шараларының жоспары

| Р/с N | Іс-шара | Орындау мерзімі | Орында-луына жауаптылар | Аяқталу нысаны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Астана қаласында Қазақстан Республикасы Парламентінің үш шақырылымы және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі депутаттарының, Үкіметі мүшелерінің, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен мемлекеттік органдар басшыларының, қазақстандық қоғам өкілдерінің қатысуымен салтанатты жиналыс, мерекелік мерейтойлық концерт өткізуді қамтамасыз ету | 2006 жылғы қаңтар | Қазақстан Республи-касының Парламенті (келісім бойынша), МАСМ | Қазақстан Республи-касы Парламен-тінің Мәжілісі Бюросының және Сенаты Бюросының қаулылары, министрдің бұйрығы |
| 2 | "Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл" мерейтойлық медалін тағайындауды ұйымдастыру | 2005 жылғы желтоқсан | Қазақстан Республи-касы Президен-тінің Әкімшілігі (келісім бойынша) | Қазақстан Республи-касы Президен-тінің Жарлығы |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Елдің мемлекет және қоғам қайраткерлерін "Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл" мерейтойлық медалімен марапаттауды ұйымдастыру | 2006 жылғы қаңтар | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Парламенті (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша) | Салтанатты |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | марапаттау рәсімі |
| 4 | Маркалар мен өңірлік белгілердің мерейтойлық сериясын жаппай шығаруды ұйымдастыру | 2005 жылғы желтоқсан | ҰБ (келісім бойынша), АБА | Маркалар-ды, өңірлік белгілерді шығару |
| 5 | Бұқаралық ақпарат құралдарында мерейтойға арналған іс-шараларды кеңінен жария етуді қамтамасыз ету | 2005 жылғы маусым - 2006 жылғы қаңтар | МАСМ | Мемлекет-тік тапсырысты орындайтын БАҚ-та ақпараттық материал-дарды шығару |
| 6 | Егеменді Қазақстанның қоғамдық саяси, әлеуметтік экономикалық және ғылыми-білім беру саласындағы оң өзгерістерді көрсететін ғылыми, публицистикалық, әдеби кітаптар мен брошюралардың сериясын дайындауды және шығаруды қамтамасыз ету | 2005 жылғы маусым - 2006 жылғы қаңтар | МАСМ, БҒМ | Кітаптар мен брошю-раларды басып шығару |
| 7 | Мерейтойға арналған іс-шараларға дайындық және оны өткізу барысын ақпараттық жария ету жөніндегі медиа-жоспар әзірлеу және іске асыру | 2005 жылғы маусым - 2006 жылғы қаңтар | МАСМ | Ақпараттық материал-дарды және телехабар-ларды шығару |

Қолданылатын қысқартулар:

МАСМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК